

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің материалдық-техникалық базасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 сәуір 1993 ж. N 299

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаржыландыру-шаруашылық істері басқармасының балансындағы Панфилов көшесі, N 25 үйде орналасқан материалдық-техникалық база Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы өндірістік-пайдалану бірлестігінің балансына өткізілсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жанындағы күзет Бас басқармасының үкімет мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктерін күзететін милиция полкы аталған базаның аумағында барлық қызмет, қойма және басқа да үй-жайларымен бірге орналастырылсын.

Парламент Үйіндегі қазіргі қызмет алаңы 1994 жылдың аяғынан дейін Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратында сақталынсын. < *>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің
24.02.1994 ж. N 214 қаулысына сәйкес.

2. Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы биылғы жылдың 15 мамырына дейін диеталық тамақтандыру асханасы кешенінен басқа , соның аумағында тұрған барлық қызметтерімен, құрылыстарымен, қоймаларымен және өндірістік үй-жайларымен қоса "Жалын" қонақ үй кешенін Жоғарғы Кеңестің Қаржы-шаруашылық істері басқармасының балансына берсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің жедел баспа мен бланк өнімдері баспаханасын (К. Маркс, 15/1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қаржы-шаруашылық істері басқармасының балансына беретін болсын.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі осы мақсатқа бөлген қаражат есебінен баспахананы техникалық одан әрі қайта жарақтауға практикалық көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Компартиясының бұрынғы Іс Басқармасының автогаражын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қаржы-шаруашылық іс басқармасының балансына

аудару мәселесін он күн мерзімде шешетін болсын.

5. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің құрылыс объектілері үшін жер учаскесін бөлу
мәселесін екі ай мерзімде қарайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК